

"Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың ережелерін бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы N 288 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Әкімдігінің 2006 жылғы 28 наурыдағы N 56 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 14 сәуірде N 1618 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.04.14 N 93 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.04.14 N 93 қаулысымен

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңы 28 бабына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

"Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың ережесін бекіту туралы" облыс әкімдігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы №N 288 (2005 жылғы 29 желтоқсандағы тіркеу N 398, 2006 жылғы 6 қаңтардағы «"Солтүстік Қазақстан" газеті, 2006 жылғы 6 қаңтардағы "Северный Казахстан"» газеті) қаулысына келесі өзгерту енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Солтүстік Қазақстан облысында әлеуметтік жұмыс орындарын ашудың және қаржыландырудың ережесінде:

5 тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"5. Нысаналы топтағы жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға және (немесе) ұсынуға тілек білдірген жұмыс берушілерді іріктеуді уәкілетті орган жұмыссыздың еңбегіне мейлінше жоғары жалақы ұсынатын жұмыс берушіні айқындау мақсатында конкурстық негізде жүргізеді."

Облыс әкімі